

ӘОЖ 930

АТАТҮРІК ЖӘНЕ ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

СейдамаТ Нұржан

ersyn_1999@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент Г.К. Жапекова

1923 жылдың 29 қазанында Түрік Республикасының құрылғаны жарияланды. Бір жыл өткен соң, оның Конституциясы қабылданды. Дәл сол күні Ұлы ұлттық жиналыс Ғази Мұстафа Кемалды Түрік Республикасының президенті етіп бір ауыздан сайлаған болатын. Ол Осман империясының 700 жылдық тарихын тәмамдаған, жаңадан құрылған мемлекет – Түркияның негізін қалаған адамға айналды.

Соғыс барысында қол жеткізген жетістіктері мен беделіне, «Түркияны азат етуші» деген атағына сүйене отырып, Мұстафа Кемал еш кедергісіз батыл әрі түбегейлі өзгерістер жасауға кірісті. Кемалшылар жаңа тұрпаттағы ұлтты қалыптастырудың басты міндеті үшін өткен күннен бұржола бас тарту деп санады. Отаншыл күштерді біріктірудің ұйымдық бастауы болған – Түрік ұлтшылдық идеясы ұлт-азаттық соғыс жылдарында-ақ қалыптасқан болатын. Ол ұл держава үшін османшылдықтың, жас түріктік пантүркизм мен панисламизмнің орнын алмастырды. Оның алдында екі ғасыр бойында үнемі жеңіліске ұшырап, іштей дағдарысқа ұшырап отырған түріктердің ұлттық сипатының сағы сынған болатын. Сондықтан да, Ататүріктің «Түрік болу қандай бақыт!» деген атақты сөздері басқа жұрттарға қыр көрсетудің үлгісі ретінде қайтадан қалыптасып келе жатқан елдің ұлттық идеясының арқауына айналды. Ішкі саясатта ұлтшылдық бұқара революциялық жаңашылдықтарға жұмылудың тетігіне айналды. Бұл ретте түрік ұлтшылдығы қағидасы конституцияға да, билік құрушы халықтық революциялық партияның бағдарламасына енгізілді.

1920 жылдың сәуірінде болған сайлаудың нәтижесінде Анкарада жаңа парламент (Меджеліс) – Түркияның Ұлы ұлттық жиналысы өз жұмысын бастады. Жиналыс Мұстафа Кемалды төраға етіп сайлады. Сол жылы қыркүйекте қызу соғыс жүріп жатқан кезде Мұстафа Кемал ұлы ұлттық жиналыстың қарауына «Саяси-экономикалық әкімшілік және әскери мәселелерді қамтитын басқаруды жүзеге асыру бағдарламасын» ұсынды. Алғаш рет «Түрік мемлекеті» деген ұғым енгізіліп, Осман империясынан аты да, заты да бөлек жаңа геосаяси субъектінің дүниеге келуі заңды тұрғыдан бекітілді. Ресми түрде Түрік мемлекеті «республика» болып жарияланды. Меджеліс депутаттары арасынан сайлайтын президент қызметі енгізілді [1]. Республиканың тұңғыш президенті болып Мұстафа Кемал сайланды да, 1927, 1931, 1935 жылдары қайтадан сайлауға түсіп, жеңіске жетті.

М.Кемал өзінің парламентті тобын Халықтық республикалық партияға (ХРП) айналдыратынын жария етті. Жаңадан құрылған партия парламенттің жаңа құрамының сайлауында жеңіске жетіп, оның сардар төрағасы ретінде Мұстафа кемал сайланды. Жұртшылықтың мұндай жаңа үрдістерді қабылдауын жеңілдеткен жайт – билік дәстүрінің сабақтастығы болды. Осман дәуіріндегі мемлекет ұйымдастырудың негізгі қағидаттарынан бас тарта отырып, Кемалшылар дара билік феноменінің негізін сақтап, одан ары күшейте түсті. Түркияда демократияның орнығуы – даму деңгейі және саяси мәдениет дәстүрлері жағынан әрқилы мемлекеттердің әмбебап демократиялық құндылықтарға қол жеткізуінің әртүрлі бола алуының мүмкін екендігінің жарқын мысалы бола білді.

Ататүріктің басшылығындағы түбегейлі өзгерістерге 1924 жылы Меджеліс қабылдаған Негізгі заң ықпал етті. Ататүріктің осы бағыттағы жасаған қададарын заңмен негіздеді. Оның негізгі баптары төмендегідей болды:

I. Мемлекет формасы.

1-бап. Түркия мемлекеті – республика.

II. Республиканың сипаттары.

2-бап. Түркия республикасы қоғамның тыныштығы, ұлтты ынтымақ және әділеттілік жайлы түсінік аясында адам құқықтарына құрмет көрсететін, Ататүрік ұлтшылдығына адал, кіріспеді айқындалған негізгі принциптерге сүйенетін, демократиялық, зайылы және әлеуметтік-құқықтық мемлекет.

III. Мемлекеттің біртұтастығы, ресми тілі, байрағы, ұлттық әнұраны және астанасы.

3-бап. Түркия мемлекеті елімен және ұлтымен бірге бөлінбес, біртұтас болып табылады. Тілі – түрік тілі. Байрағы – формасы тиісті заңмен айқындалған, ақ түсті ай мен жұлдызы бар алқызыл түсті байрақ. Ұлттық әнұраны – Тәуелсіздік маршы. Астанасы –

Анкара қаласы болып бекітілді. Ататүріктің пайымдауынша, республика – демократиялық жүйедегі мемлекеттің түрі. Ол ұлттың егемендігін паш етіп, тығыз байланысты болатын жүйе.

Істамбұлда Халифа тұрғанда, әрі мемлекеттік жүйе белгілі бір атауды иемденбеген кезде, бұрынғы жүйені аңсаушыларды тоқтату қиынға соғатын еді. Сол себепті, астана мәселесі оң шешім тапқан кезде, іле мемлекет формасын жариялау жолында дайындық жұмыстары жүргізілді. Ататүрік өзінің атақты «Баяндамасында» бұған жан-жақты тоқталып, «...Кешқұрым Чанкаяға (Анкарадағы Президент резиденциясы орналасқан жер) бару үшін Мәжілістен шыққанда дәлізде мені күтіп тұрған Кәмалеттин Сами мен Хамит патшаларға ұшырастым. Менімен кездеспек болып осы уақытқа дейін күткендерін естісімен, оларды кешкі асқа шақырдым. Исмет паша, қазым паша және Фәтхи бейлердің келуін өтіндім. Чанкаяда мені көруге келген Ризелік депутат Фуат пен Афион – карахисардан сайланған Рушен Әшреф бейлер де бізге қосылды. Тамақ үстінде «Ертең Республиканы жариялаймыз» дедім. Отырғандар мұны тегіс қолдады. Ас жайына қалды. Сол минуттан бастап, атқарылар шаруа туралы ақылдастық. Қысқа бір бағдарлама дайындап, әркімге нақты тапсырма бердім», - дейді [2].

Әлем картасында «Түркия Республикасы» деген атаудың пайда болуын тек саяси жеңіс деп айту жеткіліксіз. Жүздеген жылдар бойы ел халқының негізін құраса да мемлекетке өз атын бере алмаған түрік ұлтының тамаша табысы екенін бөліп айтқан жөн. Жергілікті халықтың Отан тағдырына қаншалықты жаны ауыратыны, қиындық пен қасірет үйірілген нағыз қаралы күндерде анық білінген болатын. Сақадай сай болған Антанта күштеріне қарсы Азаттық күресінде Мұстафа кемал түрік ұлты ортақ мүдде төңірегінде топтасқанда ғана жеңіске жету мүмкін екенін, Осман иелігінде өңірлердегі өзге халықтарға үміт артпау керектігін жете түсінді. Герекияда қалып қойған түріктерді көрішіп әкелу арқылы ол этникалық біртұтастыққа қол жеткізді. Республика жүйесін түрік халқы жатырқамай қарсы алды. Отанға қауіп төнген сәттерде ескі мен жаңаның ортасында қалған сұлтанлық бар беделін жоғалтқан еді. Жұрт «Отан» десе жанын аямайтын ұлы тұлғаға тағдырын сеніп тапсырды. Ал, өз кезегінде Мұстафа Кемал болса, «Түркия Республикасы дүниежүзілік қауымдастықта өзіне лайықты орны бар екенін абыройлы істермен дәлелдейтін болады» деген сеніммен қызмет етті. Ол Президент болып сайланған кезде сөйлеген сөзінде, түрік халқының ізіне деген сүйіспеншілігі мен құрметіне көлеңке түсірмейтінін айта келе, өзіне көрсетілген зор сенімді ақтайтынын мәлімдеген болатын.

Күні кешеге дейін кемсітіліп келген мұсылман елінің республикаға айналуы батысты да, шығысты да ойландырды. Түркияның бұл тәжірибесін, елдегі орын алған өзгерістерді өз көзімен көру мақсатында шетелдік қаламгерлер де келе бастады. Атақты француз жазушысы Поль Жентизон өзінің «Мұстафа Кемал және оянған шығыс» атты еңбегінде: «...Түркі халқы мұсылман жұрты арасында тұңғыш еуропа өркениетімен дәнекерленді. Мұстафа Кемалдың жетекшілік етуімен бұл халық рационализм, философиялық және техникалық либерализм секілді тиімді тетіктерге ден қойды. Ал, Еуропа болса, бұларға жүздеген жылдар бойы қолы әрең жеткен болатын. Енді Түркияның үлгісі өз жемісін бастады да, Иран, Ауғанстан, Сирия, Мысыр да өзгерістердің алдында тұр. Мұстафа Кемал реформаларының ықпалымен терең тыныс ала білді. Оны сипаты жартылай болса да кетті. Енді мемлекетте жаңа шығыстың сұлбасы айқындалуда...», - деген пікірді алға тартады [3].

Жиырмамыншы жылдар басындағы Осман империясы өзінің артында соғыстан қираған, бүлінген елді қалдырды. Жокшылық пен жетіспеушілік үстем болып, мемлекет қазынасы таусылған болатын. Халықтың басым бөлігі сауатсыз болып, елдегі шағын өндіріс пен сауда орындарының басым көпшілігі шетелдіктер мен мұсылман емес аз ұлттардың қолында болды. Ғылым жетістіктерінен хабары жоқ, ауыл шаруашылығында метеорология мүмкіндіктерін пайдалану, егістікке тыңайтқыш қолдану, сапалы тұқымды ажырата білу деген жайдай мүлдем жоқ болды. Өркениетке жетудің басты шарты – білім екендігін түсінген Ататүрік ұлы төңкерісті де осы саладан бастады. Осылайша, 1924 жылы 3 наурызда «Тәухид-и Тедрисат» (Білім жүйесінің біріктірілуі) заңы қабылданды. Осы құжат арқылы

мемлекеттегі зайырлы білім-тәрбиесінің негізі қаланды. Заңға сәйкес елдегі медреселер де жабылды. Ескіше оқытуды ғылым жетістіктерін барынша пайдаланатын жаңа білім жүйесі алмастырды. Ұлт-азаттық күрестің небір ауыр күндерінің өзінде Ататүрік келешек ұрпақтың тәрбиесін ұмытқан жоқ. 1921 жылы маариф (оқу-ағарту) конференциясында мәдениет пен білімнің маңыздылығына ерекше тоқталған Мұстафа Кемал өмірінің соңғы күніне дейін, әсіресе ата-анасыз қалған балалардың сауат ашуына қатысты әкелік қамқорлық білдірді. «Түркия республикасының іргетасы – мәдениет» деген ұран тастаған ол, түрік өркениетінде ұлттық реңк қалыптастырды.

Жаңа заман, жаңаша көзқарас, өзге жұртпен өркениетті түрде араласу зайырлы заңдарды талап етті. Сол себепті елде ұзақ жылдар бойына үстемдік құрған шарифат соттары жабылып, сот жүйесі біріктірілді. Ендігі жерде Еуропамен тығыз байланыс орнайтыны, әрі экономиканың нарықты басшылыққа алатыны ескеріліп, Швейцария, Италия, Германияда қолданылатын түрлі заңдардың үлгісі пайдаланылды. 1925 жылы Анкара Құқық мектебінің ашылуы ұлттық бағыттағы заңгерлер даярлауда үлкен адым болып табылады. Бір жыл өткеннен кейін қабылданған қазы туралы заң мен түрік қылмыстық кодексі де ерекше бағаға лайықты. «Біз қай жағынан болса да, қазіргі заманғы адамға ұқсауымыз керек. Пікіріміз, зейініміздің барлығы жаңарады», - деп жар салған болатын Ататүрік [4].

Мұстафа Кемал экономикада мемлекет тек өзінің күшіне сену керектігін дәлелдеді. Республика жарияланғанға дейін ол, соғыс оты лаулаған жылдары ол өндіріс пен ауыл шаруашылығын дамыту шараларын қарастырды. 1923 жылы ақпанда Измир қаласында Экономикалық Конгресс өткізілді. Кемалистер мануфактура мен ұсақ өндірістен ірі зауыттар мен фабрикалар салу, жер қойнауында қозғалыссыз жатқан шикізатты өндіретін өнеркәсіп салаларын қалыптастыру үшін бар күшін салды. Мемлекет тарапынан шаруаларға қолдау көрсету мақсатында жаңа заңдар қабылдады. Кооперативтерге көрсетілген көмек ретінде бидай, жеміс, көкөніс, секілді бау-бақша өнімдерін тасымалдау бағасын төмендетті. Экономиканың түрлі салаларына қаржылай көмек көрсету мақсатында 1924 жылы «Түркия іс банкі» мен «Түркия өнеркәсіп және кен банкі» құрылды. Бұл банктерге несие тауып беру міндеттері жүктелді. 1929-32 жылдары ғаламдық экономика дағдарықа ұшыраған кезде, ауыл шаруашылығындағы үлесі басым болған Түркия зиян шекпегеннің өзінде халықаралық базарларда шикізат бағасының құлдырауы өз әсерін тигізбей қоймады. Келтірілген зардаптарды азайту мақсатында үкімет жеке қожалықтарды да өзінің қамқорлығына алды. Алғашқы он жылдықта түрік экономикасы нарықтық қатынастармен қатар мемлекеттік басқару үрдістерінің қатар өмір сүруімен ерекшеленді. Ататүріктанушылар Мұстафа Кемал экономикалық саясатты жүргізуде үш негізгі қағиданы басшылыққа алғанын айтады:

1. Мемлекет бюджетіндегі қос қоржын – кіріс пен шығыстың тепе-тең болуы;
2. Мемлекеттік инвестициялық қаржылар бюджеттің кірісі мен ішкі және сыртқы қарыздар арқылы түсетін мемлекеттің табыстары жиынтығынан артық немесе кем емес;
3. Импорт пен экспорт мөлшері бір деңгейде болуы.

Қаржы жүйесіндегі бұл қағидалар ХХ ғасырдың аяғына дейін өзекті болып отыр.

Республика кезеңінде Кемалистер жүзеге асырған өзгерістер, атап айтқанда Атазаңнан мемлекеттік дін туралы бапты алып тастауы, дәруіштер мен әрқайсысы өзінше бір әулиелерге сыйынатын ғибадатханаларды жабудың негізінде Ататүріктің түсінігіндегі зайырлылық ұғымының мәнін ашу болып табылады. Бұл ретте профессор Н.Түзүннің пайымдауынша: «зайырлылық – дінге қарсы тұру емес, наным-сенімді әр адамның жан дүниесінің таңдауына таптасыру болып табылады. Ішкі дүниедегі сенім мемлекеттік түсіністікпен қатар өмір сүре алады. Осы тұрғыдан алғанда «лаицизм» сөзі құқықтық термин ретінде қабылдануы тиісті» [5]. Түрік төңкерісі діннің саясат пен мемлекеттік істерге араласуына тыйым салды. Бірақ бұл олардың дінге қарсы тұрды деген сипатта түсіндірілмеуі керек. Мемлекет шынайы қатысы жоқ ескіліктің сарқыншақтарымен күресті. Кемалистер зайырлылық қағидаларын енгізу барысында жазалау науқанын бастаған жоқ. Дінге қатысты жүргізілген сындарлы саясат – республикалық жүйенің мерейін өсірген жарқын жетістік болып табылады.

Он бес жыл бір мемлекетке өркениет өрісінде өзгелерден кем түспей, өзіне лайықты орын алу мақсатында тарихи белеске көтерілуі үшін көп уақыт емес. Алайда, Ататүрік өміріндегі соңғы 15 жыл ішінде Түркия үшін маңызды болатын елеулі жаңалықтар әкелді. Жоғарыда айтылған жайттарды қорытындылау мақсатында, Мұстафа Кемал Ататүрік мемлекеттің дамуына ықпал ететін кез келген саланың жаңа бағытқа көшіп, өзіндік сипаттағы сүрлеу қалыптасуына зор ықпал еткенін көреміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. //Дала мен қала, 3 ақпан, 2006.
2. Хамзина Ә. Түрік баспасөзі: тарих, мәдениет және оқу-ағарту мәселелері. //Қазақ әдебиеті, 2003. 19 қыркүйек.
3. Зәңгіров Е. Ахмет Сезер (Түркия Республикасының президенті) //Ақиқат, 2003, №9. Б.80.
4. Всемирная история в 10-томах. Т.8. Под ред. Жукова Е.М. «Социально-экономическая литература». М., 1962. Б. 440-456.
5. Новейшая история стран Азии и Африки: XX век. В 3-частях. Ч. 1. Под ред. Родригес А.М. «ВЛАДОС». М., 2003. Б. 202-209.